«Атырау облысы білім беру басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты Панфилов атындағы жалпы орта мектебі жанынан құрылған Қамқоршылық кеңес отырысының
№ 1 хаттамасы

Өткізілген уақыты: 23.04.2025ж
Өткізілген орны: Панфилов жалпы орта мектебі
Отырыстың басталуы: 15:00
Отырыстың аяқталуы:16:45
Қатысқандар сан: 9

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2018 жылғы 2 сәуірдегі №123 бұйрығы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 4 мамырдағы №16860 болып тіркелген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кенестің ережесімен таныстыру.
2. «Атырау облысы білім беру басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2025 жылдың 15 қаңтар күнгі № 31санды бұйрығына сәйкес «Атырау облысы білім беру басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты Панфилов атындағы жалпы орта мектебі жанынан құрылған Қамқоршылық кеңестің жаңа құрамын таныстыру.
3. Кеңестің төрағасын, хатшысын сайлау.

Тындалды:

1. **Панфилов атындағы жалпы орта мектебінің директоры у.ма. Линда Мустахимқызы:** Қайырлы күн кеңеске қатысушылар, жаңа құрам мүшелерінің жұмысына сәттілік тілей отырып, бастағалы отырған жұмысымыз нәтижелі болсын деген тілек айтамын. Қамқоршылық кеңес ата – анамен мектеп арасындағы байланысты нығайту мақсатында. Тәуелсіз ұйымның барлық жұмысына белсенді араласа алады, сонын ішінде қаржылық және материалдық база.Білім алушылардың құқық бұзуы, ата – анамен сөйлесу мәселелері, осы барлық іске тікелей сіздердің қатыстарыңыз бар. Қамқоршылық кеңес білім саласын дамытуға мудделі адамдарды біріктіретін қоғамдық ұйым.Қамқоршылық кеңестің мектеп үшін маңызы өте жоғары. Бізге үнемі қолдау көрсететін төраға тағайындап берсеңіздер деген ұсынысым бар.

2. **Панфилов атындағы жалпы орта мектебінің әлеуметтік педагогы Дария Мағзомқызы** кеңес қатысушыларына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2018 жылғы 2 сәуірдегі №123 бұйрығы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 4 мамырдағы №16860 болып тіркелген «Білім беру

ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жалпы ережесімен таныстырды. «Атырау облысы білім беру басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2025 жылдың 15 қаңтар күнгі № 31санды бұйрығына сәйкес «Атырау облысы білім беру басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты Панфилов атындағы жалпы орта мектебі жанынан құрылған Қамқоршылық кеңестің өкілетті орган ретінде жұмыс істелеуі үшін төраға сайлау қажеттігін атап өтті.

Сөйлеушілер:

Б.Хайруллин – жеке қожалық, ауыл белсендісі. Қайырлы күн баршаңызға! Бүгінгі күні Панфилов жалпы орта мектебінде басымыз қосылып, мектептегі қамқоршылық кеңесінің жұмысын күшейту мақсатында аудандық білім бөлімінің бұйрығымен танысып отырмыз. Қамқоршылық кеңес білім беру ұйымдарында қайырымдылық көмектің жұмсалуы және әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға, жетім және ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, аз қамтылған, көп балалы күн көріс деңгейі төмен отбасыларының мәселесі жөнінде қабылдау жұмыстары бізге өте таныс. Бұл мектеп, ата – ана, баладан құралған үштікодақ жұмысының және ата – аналарды түрлі шараларға белсене араласуына, алға қарай бірлесіп жұмыс жасауға себепші боламыз деген үміттемін. Бұл жұмыс үлкен нәтижелі жұмыс болады деп ойлаймын.

Б.Дарелов - Жеке қожалық. Құрметті кеңес мүшелері менің алдымда Бекболат Қазымбекұлы айтып өткендей Панфилов жалпы орта мектебі жанынан құрылған қамқоршылық кеңестің алдыңғы құрамынан бастап келе жатырмыз. Алғашқы отырыста алдыңғы кезеңдегі құрамның жақсы жұмыс атқарғанын және жаңа құрамға көп міндеттер жүктеліп отырғанын тыңдап отырмыз,және жалпы білім беру ордасында бұндай қамқоршылықт кеңестің құрылуы өз басым дұрыс деп есептеймін. Себебі мектепте қамқорлықты қажет ететін көп жайттар болады тек қана әлеуметтік көмек емес басқа да материалдық тұрғыда тіпті кейбір тәрбиелік шараларда да қолдау қажет деп ойлаймын. Бізде жылда қиындық келтіретін жағдай ол аудандық оқушылар үйінен жазғы тыныгу лагеріне мектеп оқушыларының бөлінісі. Алдын ала болжам ұсынылуы қажет деп ойлаймын. Қамқоршылық кеңес төрағасына Бекболат Қазымбекұлын ұсынғым келеді.

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің ой – пікірі тыңдалды, олай болса кеңестің басшысы Хайруллин Бекболат Қазымбекұлына дауыс берейік.

Қолдағандар – 7

Қарсы – жоқ

Шешім бірауыздан қабылданды.

Қамқоршылық кеңес төмендегідей шешім етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2018 жылғы 2 сәуірдегі №123 бұйрығы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 4 мамырдағы №16860 болып тіркелген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кенестің ережесі мен нормативтік құжаттарымен Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары басшылыққа алынсын.
2. «Атырау облысы білім беру басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2025 жылдың 15 қаңтар күнгі № 31 санды бұйрығы негізінде алынсын.
3. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің дауысына сәйкес Панфилов атындағы жалпы орта мектебінің қамқоршылық кеңес төрағасы болып Б.Хайруллин және қамқоршылық кеңес хатшысы болып Д.Мағзомқызы бекітілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Б.Хайруллин

Қамқоршылық кеңес хатшысы: Д.Мағзомқызы